



тізілімінде № 5089 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің сенімгерлік операцияларды және кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Клиенттердің кастодиан банк кастодиан шарты негізінде қабылдаған ақшасы және кастодиан шартына сәйкес қабылданған ақшамен операциялар, сондай-ақ алынған инвестициялық кіріс (шығыс) мынадай баланстық шоттарда:

2012 «Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары» - егер кастодиан шарты шетелдік орталық банкпен жасалған жағдайда;

2013 «Басқа банктердің корреспонденттік шоттары» - егер кастодиан шарты банкпен (шетелдік орталық банкті қоспағанда) жасалған жағдайда;

2202 «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» - егер кастодиан шарты зейнетақы активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен немесе инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен жасалған жағдайда;

2203 «Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары» - егер кастодиан шарты өзге ұйымдармен (зейнетақы активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды және банктерді қоспағанда) жасалған жағдайда есепке алынады.

Кастодиан банк кастодиан шартының негізінде қабылдаған өзге активтердің бухгалтерлік есебі Бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында көзделген 7700 «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылданған активтер» шоттар топтарының баланстан тыс шоттарында жүзеге асырылады.»;

33-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ақша сомасына:

Дт	1051	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот»
	1052	«Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар»
Кт	2012	«Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары»
	2013	«Басқа банктердің корреспонденттік шоттары»
	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (банктік инвестициялық шот)
	2203	«Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары» (банктік инвестициялық шот);»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Кастодиан шарты негізінде қабылданған ақшаны орналастыру, инвестициялық кіріс (шығыс) алу және кастодиан шарты негізінде қабылданған қаржы құралдарымен өзге де операциялар жасау кезінде осы Нұсқаулықта көзделген бухгалтерлік

жазбалармен қатар 1051 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот», 1052 «Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар» баланстық шоттардың дебеті және (немесе) кредиті және тиісінше 2012 «Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары», 2013 «Басқа банктердің корреспонденттік шоттары», 2202 «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар», 2203 «Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары» баланстық шоттардың кредиті және (немесе) дебеті бойынша бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

4 - т а р а у д а :

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Зейнетақы жарналарын, сондай-ақ зейнетақы жинақтары төлемдерін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуды есепке алу»;

71, 72, 73 және 74-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Салымшылардың зейнетақы жарналарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына келіп түскен кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот»
	1052	«Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар»
	2013	«Басқа банктердің корреспонденттік шоттары»
Кт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (банктік инвестициялық шот).

72. Кастодиан шартына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерінің банк шотынан зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы төлемдерін алушыларға қызмет көрсететін банктерге аударуды жүзеге асыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотынан соманы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерінің банк шотына аудару бойынша:

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (банктік инвестициялық шот)
Кт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (зейнетақы төлемдерінің банк шоты);

2) зейнетақы төлемдерін алушыға қызмет көрсететін банктің шотына соманы аудару бойынша:

--	--	--

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (зейнетақы төлемдерінің банк шоты )
Кт	1052	«Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар»
	2013	«Басқа банктердің корреспонденттік шоттары».

73. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына келіп түскен және қате есепке алынды деп танылған сомаларды қайтару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (зейнетақы төлемдерінің банк шоты )
Кт	1052	«Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар»
	2011	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары»
	2013	«Басқа банктердің корреспонденттік шоттары».

74. Кастодиан шарты негізінде қабылданған ақшаны орналастыру, инвестициялық кіріс (шығыс) алу және зейнетақы активтерімен өзге де операцияларды жасау кезінде осы Нұсқаулықта көзделген бухгалтерлік жазбалармен қатар 1051 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот», 1052 «Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар», 2011 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары», 2013 «Басқа банктердің корреспонденттік шоттары» баланстық шоттарының дебеті және (немесе) кредиті және тиісінше 2202 «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» баланстық шотының кредиті және (немесе) дебеті бойынша бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

75-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«75. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан шарты негізінде қабылданған зейнетақы активтерін бағалы қағаздарға орналастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.»;

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«76. Зейнетақы активтерін уақтылы орналастырмағаны үшін есептелген өсімпұл сомасын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының банктік инвестициялық шотына есепке алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот»
	1052	«Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар»
Кт	2012	«Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары»
	2013	«Басқа банктердің корреспонденттік шоттары»
	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар» (банктік инвестициялық шот).»;

78-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«78. Кастодиан шарты негізінде қабылданған зейнетақы активтері есебінен сатып алынған, әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:»;

81-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«81. Банк әрбір есепті күні халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және есеп саясатының талаптарына сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құнсыздануына тест жүргізеді және мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:»;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін мәміле бойынша шығындарды ескере отырып банктердегі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға орналастыру кезінде салым сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Кіріс	7406	«Басқа банктердегі салымдар»»;
-------	------	--------------------------------

89-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«89. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры мен кастодиан банк арасында жасалған кастодиан шартына сәйкес, кастодиан банктің есеп саясатында белгіленген мерзімде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиандық қызмет көрсету үшін сыйақы (кірістер) сомасын есептеу, сондай-ақ ақша аударымдары бойынша комиссиялық кірістер және басқа шығыстар сомасын есептеу жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:»;

90-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«90. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі үшін ақы төлеу және кастодиан шартына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры өтеуге тиісті басқа келтірілген шығыстарды төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:»

91, 92 және 93-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«91. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры кастодиан банк жұмсаған, кастодиан шартына сәйкес өтелуі тиіс шығыстарды өтеу және төлеу, сондай-ақ кастодиан банктің комиссиялық сыйақысының есептелген сомаларын төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар»
Кт	1819	«Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер»
	1860	«Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлар».

92. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры есептелген сыйақы бойынша төлемдерді кешіктірген жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиандық шарт негізінде ұсынылған қызметтер үшін есептелген, бірақ өтелмеген сыйақы сомасына:

Дт	1839	«Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер»
Кт	1819	«Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер»
	1860	«Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлар»;

тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына:

Дт	1860	«Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлар»
Кт	4900	«Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)».

93. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына кастодиан шарты негізінде көрсетілген қызметтер үшін есептелген мерзімі өткен сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) есептелген сомасын өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) есептелген мерзімі өткен сыйақы сомасына:

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар»
Кт	1839	«Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер»;

2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына:

Дт	2202	«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар»
Кт	1860	«Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлар».

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2008 жылғы 28 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағының № 12 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1 - т а р а у д а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің осы үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі –

жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, өзара сақтандыру қоғамдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, акционерлік инвестициялық қорлардың және микроқаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін құндық көрсеткіш бойынша топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.» ;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шоттар жоспарында бухгалтерлік есептің синтетикалық шоттары өтімділіктің азаюы тәртібімен орналастырылған. Шоттар жоспарында бухгалтерлік есеп шоттарының нөмірлері төрт таңбадан тұрады. Нөмірдің бірінші цифры Шоттар жоспарының 2-тарауының параграфтарына тиесілілігін, екіншісі – топтарға тиесілілігін, үшіншісі және төртінші цифрлары – синтетикалық шоттардың шағын топтарына тиесілілігін көрсетеді.» ;

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) 60-79 «Жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың қызметіне байланысты операциялар», оларда жинақтаушы зейнетақы қорлары және инвестициялық портфельді басқарушылар жасайтын операциялар көрсетіледі;» ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Шоттар жоспарының 2-тарауының 1 – 5 аралығындағы параграфтарында көзделген шоттар ұйымның бухгалтерлік балансында көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 6 және 7-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның пайда және залалдар туралы есебінде көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 8-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және ұйымның шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 9-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және меморандум шоттары болып табылады.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 10-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерін есепке алуға арналған.» ;

2 - т а р а у д а :

1 - п а р а г р а ф т а :

1130 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:

«1130 61	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1130 62	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
1130 63	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы»;

**1140 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:**

«1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету»;

**1270 63-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:**

«1270 63	Зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен түскен мерзімі өткен комиссиялық кірістер»;
----------	---

«Номиналдық кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша талаптар» 1280 61-шоттың нөмірі мен аты алып тасталсын;

**1290 41-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шотпен толықтырылсын:**

«1290 61	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша залалдарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)»;
----------	---

**2 - п а р а г р а ф т а :**

**2020 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:**

«2020 61	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
2020 62	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
2020 63	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
2020 64	Сыртқы басқарудағы активтер»;

**2030 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы шоттармен толықтырылсын:**

«2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету»;

**3 - п а р а г р а ф т а :**

«Номиналдық кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша қысқа мерзімді резервтер» 3430 61-шоттың нөмірі және аты а л ы п т а с т а л с ы н ;

**5 - п а р а г р а ф т а :**

«Номиналдық кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша резервті түзету шоты» 5470 61-шоттың нөмірі және аты алып

т а с т а л с ы н ;

6 - п а р а г р а ф т а :

«Теріс комиссиялық сыйақыны өтеу» 6110 63-шоттың нөмірі мен аты мынадай мазмұндағы шоттың нөмірімен және атымен ауыстырылсын:

«6110 64	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер»;
----------	--

«Номиналдық кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша резервтерді қалпына келтіруден (жоюдан) болған кірістер» 6240 61-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

7 - п а р а г р а ф т а :

«Номиналдық кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша шығыстар» 7440 61-шоттың нөмірі мен аты мынадай мазмұндағы шоттың нөмірімен және атымен ауыстырылсын:

«7440 62	Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығыстар»;
----------	--

3 - т а р а у д ы ң 1 - п а р а г р а ф ы н д а :

1130 03-шоттың сипатынан кейін 1130 61, 1130 62, 1130 63-шоттардың мынадай мазмұндағы аттарымен және сипаттарымен толықтырылсын:

«1130 61 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің номиналдық құнын оны өтеу, баланстан есептен шығару, басқа санатқа ауыстыру кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1130 62 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контракт).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомалары жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1130 63 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы

активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомалары жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.»;

1140 05-шоттың сипатынан кейін 1140 61, 1140 62, 1140 63, 1140 64, 1140 65-шоттардың мынадай мазмұндағы аттарымен және сипаттарымен толықтырылсын:

«1140 61 «Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері» (актив) .

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын оны өтеу, сату, баланстан есептен шығару, басқа санатқа ауыстыру кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1140 62 «Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомалары жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 63 «Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомалары

жазылады

(сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 64 «Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнының асып кетуінен іске асырылмаған кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе № 1140 65 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.

1140 65 «Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе № 1140 64 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.» ;

1270 61, 1270 62, 1270 63-шоттардың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын :

«1270 61 «Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық кірістер» (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық кірістен жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген инвестициялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық кірістен жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық

кірістердің сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қоры не инвестициялық портфельді басқарушы алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 62 «Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық кірістер» (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес зейнетақы активтерінен түскен, жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша зейнетақы активтерінен жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі есептелген комиссиялық кірістердің с о м а ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қоры не инвестициялық портфельді басқарушы алған кезде есептен шығару жүргізіледі.

1270 63 «Зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен болған мерзімі өткен комиссиялық кірістер» (актив).

Мақсаты: жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының не инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерінен және олар бойынша инвестициялық кірістен мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының не инвестициялық портфельді басқарушының мерзімі өткен комиссиялық кірістерінің сомаларын олар өтелген не баланстан есептен шығарылған кезде есептен шығару жүргізіледі.»;

1280 61-шоттың нөмірі, аты және сипаты алып тасталсын;

1290 41-шоттың сипатынан кейін мынадай мазмұндағы 1290 61-шоттың атымен және с и п а т ы м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«1290 61 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша залалдарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы активтері бойынша залалдарды жабуға арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша залалдарды жабуға арналған резервтердің (провизиялардың) с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын оларды жою немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жүргізіледі.» ;

2020 03-шоттың сипатынан кейін мынадай мазмұндағы 2020 61, 2020 62, 2020 63,

2020 64-шоттардың аттарымен және сипаттарымен толықтырылсын:  
«2020 61 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару, басқа санатқа ауыстыру кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2020 62 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомалары жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2020 63 «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомалары жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2020 64 «Сыртқы басқарудағы активтер» (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтерді есепке алу.

Шоттың дебеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін,

инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтердің ұ л ғ а ю ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтерді е с е п т е н ш ы ғ а р у жү р г і з і л е д і . » ;

2030 05-шоттың сипатынан кейін мынадай мазмұндағы 2030 61, 2030 62, 2030 63, 2030 64, 2030 65-шоттардың аттарымен және сипаттарымен толықтырылсын: «2030 61 «Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы а к т и в т е р і н і ң құ н ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құнын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару, басқа санатқа ауыстыру кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2030 62 «Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша д и с к о н т » ( к о н т р а к т и в ) .

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомасы ж а з ы л а д ы ( д и с к о н т ) .

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен б а й л а н ы с т ы р а о т ы р ы п ж а з ы л а д ы .

2030 63 «Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша с ы й л ы қ а қ ы » ( а к т и в ) .

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомасы ж а з ы л а д ы ( с ы й л ы қ а қ ы ) .

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен б а й л а н ы с т ы р а о т ы р ы п ж а з ы л а д ы .

2030 64 «Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнының асып кетуінен іске асырылмаған кірістердің сомасы жазылды.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе осы соманы № 2030 65 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.

2030 65 «Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: әділ құны бойынша бағаланатын, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылды.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын оларды өтеу, сату, баланстан есептен шығару немесе осы соманы № 2030 64 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жүргізіледі.» ;

3380 61, 3380 62-шоттардың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын: «3380 61 «Инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық сыйақы» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына және инвестициялық портфельді басқарушыларға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылды.

Шоттың дебеті бойынша инвестициялық кірістен есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын жинақтаушы зейнетақы қоры не инвестициялық портфельді басқарушы төлеген кезде есептен шығару жүргізіледі.

3380 62 «Зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық

портфельді басқарушыларға тиесілі зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға тиесілі зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша зейнетақы активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы сомаларын оларды жинақтаушы зейнетақы қорына не инвестициялық портфельді басқарушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.»;

3430 61-шоттың нөмірі, аты және сипаты алып тасталсын;

5470 61-шоттың нөмірі, аты және сипаты алып тасталсын;

6110 61, 6110 62-шоттардың аттары және сипаттары мынадай редакцияда жазылсын :

«6110 61 «Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістер».

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорлары және инвестициялық портфельді басқарушылар есептеген инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры және инвестициялық портфельді басқарушы есептеген инвестициялық кірістен түскен комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 62 «Зейнетақы активтерінен түскен комиссиялық кірістер».

Мақсаты: Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен түскен, есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерінен түскен, есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.» ;

6110 63-шоттың нөмірі, аты және сипаты мынадай мазмұндағы 6110 64-шоттың нөмірімен, атымен және сипатымен ауыстырылсын:

«6110 64 «Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер».

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша кірістер сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.»;

6240 61-шоттың нөмірі, аты және сипаты алып тасталсын;  
7440 61-шоттың нөмірі, аты және сипаты мынадай мазмұндағы 7440 62-шоттың нөмірімен, атымен және сипатымен ауыстырылсын:  
«7440 62 «Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығыстар».

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.».

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қ а у л ы д а :  
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»;  
кіріспесі және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:  
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Инвестициялық портфельді басқарушылардың және бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық»;

1 - т а р а у д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р » ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Нұсқаулық «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және:

инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі – ұйым) инвестициялық басқаруындағы клиенттер активтерінің;

бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ( бұдан әрі – брокер) брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуін нақтылайды.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Инвестициялық басқаруға қабылданған активтерді есепке алу»;

2-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Инвестициялық басқарудағы ақшаны шетел валютасына орналастыру»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инвестициялық басқарудағы ақшаны салымдарға орналастыру»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Инвестициялық басқарудағы ақшаны бағалы қағаздарға орналастыру»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Инвестициялық басқарудағы ақшаны туынды қаржы құралдарына орналастыру»

;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Инвестициялық басқарудағы бағалы қағаздармен РЕПО және кері РЕПО операцияларын жасау»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Инвестициялық басқарудағы ақшаны тазартылған қымбат металдарға орналастыру»;

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Инвестициялық басқарудағы ақшаны акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларға орналастыру»;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Инвестициялық басқарудағы ақшаны негізгі құрал-жабдықтарға және материалдық емес активтерге орналастыру»;

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Инвестициялық басқарудан алынған активтерді есепке алу»;

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Ұйымның кірістерін есепке алу»;

12-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт бойынша қабылданған активтерді есепке алу».

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1 - т а р а у д а :

1 3 - т а р м а қ т а :

7400-шоттар тобының аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7400	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтауға қабылдаған зейнетақы активтері»;
-------	--

7700-шоттар тобының аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7700	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылдаған активтері»;
-------	--

2 - т а р а у д а :

2 - п а р а г р а ф т а :

2202-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

--	--

«2202	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар»;
-------	--

7 - п а р а г р а ф т а :

7400-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7400	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтауға қабылдаған зейнетақы активтері»;
-------	--

7414-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7414	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелері»;
-------	--

7700-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

«7700	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылдаған активтері»;
-------	--

3 - т а р а у д а :

1 - п а р а г р а ф т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Баланстық шоттар»;

2202-шотының аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«2202. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға кастодиан банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар (пассив).

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларымен және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдармен жасалған кастодиандық шарттардың талаптарымен банктер қабылдаған ақша қаражатының инвестицияланбаған қалдықтарын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы шотына келіп түскен, кастодиандық шарт талаптарымен банктер қабылдаған ақша сомалары ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы шотынан келіп түскен ақша сомаларын шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсат бойынша есептен шығару жазылады.»;

2 - п а р а г р а ф т а :

7401, 7403, 7404, 7405, 7406, 7407-шоттардың аттары және сипаттары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«7401. Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан

Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған  
ақшасының сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан  
Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған  
ақшасының сомаларын оларды эмитент өтеген немесе оларды сатқан кезде есептен  
шығару жазылады.

7403. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан  
Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған  
ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан  
Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған  
ақшасының сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан  
Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған  
ақшасының сомаларын оларды эмитент өтеген немесе оларды сатқан кезде есептен  
шығару жазылады.

7404. Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес  
эмиссиялық бағалы қағаздар.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан қор  
биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы  
қағаздарына орналастырылған ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан қор  
биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы  
қағаздарына орналастырылған ақшасының сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан  
қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы  
қағаздарына орналастырылған ақшасының сомаларын оларды эмитент өтеген немесе  
оларды сатқан кезде есептен шығару жазылады.

7405. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының халықаралық қаржы  
ұйымдарының бағалы қағаздарына орналастырылған ақшасының сомаларын есепке алу

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының халықаралық  
қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына орналастырылған ақшасының сомалары  
жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының  
халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына орналастырылған ақшасының  
сомаларын оларды эмитент өтеген немесе оларды сатқан кезде есептен шығару

ж а з ы л а д ы .

7406. Басқа банктердегі салымдар.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа банктердің салымдарына орналастырылған ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа банктің салымдарына орналастырылған ақшасының сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша басқа банктің салымдарына орналастырылған ақша сомаларын оларды өтеген кезде есептен шығару жазылады.

7407. Басқа да зейнетақы активтері.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа да зейнетақы активтеріне орналастырылған ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа да зейнетақы активтеріне орналастырылған ақшасының сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша басқа да зейнетақы активтеріне орналастырылған ақша сомаларын оларды өтеген немесе сатқан кезде есептен шығару жазылады.»;

7414-шоттың аты және сипаты мынадай редакцияда жазылсын:

«7414. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелері.

Шоттың мақсаты: Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелерінің с о м а л а р ы н е с е п к е а л у .

Шоттың кірісі бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелерінің сомалары жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелерінің сомаларын олар төленген кезде есептен шығару жазылады.»;

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 тіркелген, 2011 жылғы 5 қазанда «Заң газеті» газетінде № 144 (1960) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1 - т а р а у д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы

зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылардың, арнайы қаржы компанияларының, акционерлік инвестициялық қорлардың және микроқаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ұйым) меншікті ақшаны салымдарға, заемдарға, бағалы қағаздарға, туынды құралдарға, тазартылған қымбат металдарға, шетел валютасына орналастыру операцияларының, хеджирлеу операцияларының, сондай-ақ РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебі»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебі»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату операцияларының бухгалтерлік е с е б і » ;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Шетел валютасымен операциялардың бухгалтерлік есебі»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Берілген заемдардың бухгалтерлік есебі»;

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Салымдардың бухгалтерлік есебі»;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Туынды құралдармен операциялардың бухгалтерлік есебі»;

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Хеджирлеудің бухгалтерлік есебі»;

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Зейнетақы активтерінен және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақыны есептеу операцияларының бухгалтерлік есебі»;

1 2 - т а р а у а л ы п т а с т а л с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 тіркелген, 2011 жылғы 2 қарашада «Заң газеті» газетінде № 160 (1976) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

қ а у л ы д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»;

кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық»;

1 - т а р а у д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Нұсқаулық «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі – Қор) жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.»;

2 - т а р а у д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Нұсқаулықта «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

»

;

3 - т а р а у д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Зейнетақы жарналарын алу және зейнетақы жинақтарын төлеу жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі»;

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры төлем құжаттары және алдыңғы жұмыс күні үшін олардың пайдасына «Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнынан алынған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен өсімпұлдар аударылатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Ерікті зейнетақы жарналарының сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаттары (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)
Кт	3390 65	Жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтары.»;

4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

#### **«4. Зейнетақы активтерін бағалы қағаздарға орналастыру бойынша операциялардың бухгалтерлік есебі**

##### **1-параграф. Әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу**

9. «Әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жіктелген борыштық бағалы қағаздарды сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);

2) комиссиялық шығыстар сомасында:

Дт	7470 81	Қор биржасының қызметтері үшін комиссиялық шығыстар
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыстар
Кт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтер үшін есептелген комиссиялық шығыстар;

3) бұрын есептелген комиссиялық шығыстарды төленген кезде:

Дт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар

	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтер үшін есептелген комиссиялық шығыстар
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер
	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

5) сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер
	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

6) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

7) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
Кт	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

8) операция бағасы активтің әділ құнын білдірмеген жағдайда қаржы активтерін бастапқы тану әділ құн бойынша жүзеге асырылады: борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асқан кезде:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
Кт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы

2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;
---------	--

борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;
	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.»;

9) мәміле күні валюталандыру күнінен (сатып алынатын актив үшін ақшаны нақты аудару күні) өзгеше болған жағдайда, валюталандыру күні әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың толық құнына:

Дт	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаты (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот);

10. Әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептеген кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақыны алуға байланысты кірістер;

11. Әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясы сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының амортизациясына байланысты шығыстар
Кт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясы сомасына:

Дт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконттың амортизациясына байланысты кірістер.

12. Осы Нұсқаулықтың 10 және 11-тармақтарына сәйкес сыйақыны есептегеннен кейін және сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдікті) амортизациясынан кейін әділ құн

бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды Қордың есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған кірістер;

2) әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	7470 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

3) әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету.

13. Құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері

	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

**және бір мезгілде:**

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

**2) теріс бағамдық айырма сомасына:**

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы;

**және бір мезгілде:**

Дт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер.

14. Осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес сыйақыны есептегеннен кейін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны эмитент өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы ақша қаражаттары (зейнетақы активтері) (инвестициялық шот)
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы.

15. Сыйақыны есептегеннен кейін, сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы және сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды осы Нұсқаулықтың 10-12-тармақтарына сәйкес сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

2) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

3) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша жинақталған оң қайта бағалау сомасына:

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету;

4) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құн бойынша жинақталған теріс қайта бағалау сомасына:

--	--	--

Дт	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

5) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаттары (зейнетақы активтері)
	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы;

6) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаттары (зейнетақы активтері)
	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер;

7) әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

8) мәміле күні валюталандырылған күннен (сатып алынатын актив үшін ақшаны нақты аудару күні) өзгеше болса валюталандырылған күні сатылған әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың толық құнына:

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері)
Кт	1280 10	Басқа да дебиторлық берешек.

16. Эмитент әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде, осы Нұсқаулықтың 10, 11 және 12-тармақтарына сәйкес сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны, амортизацияны, сыйлықақыны немесе дисконтты есептегеннен кейін және әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін эмитенттен келіп түскен ақша сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

--	--	--

Дт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері)
Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Бағалы қағаздар бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы.

## **2-параграф. Әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған үлестік бағалы қағаздарды есепке алу**

17. «Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар» санатына жіктелген үлестік бағалы қағаздарды сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері);

2) комиссиялық шығыстар сомасына:

Дт	7470 81	Қор биржасының қызметтері үшін комиссиялық шығыстар
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтері үшін комиссиялық шығыстар
Кт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар;

3) бұрын есептелген комиссиялық шығыстар төленген кезде:

Дт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер;

5) операция бағасы активтің әділ құнына тең болмаған жағдайда қаржылық активтерді бастапқы тану әділ құн бойынша жүзеге асырылады: үлестік бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
----	---------	---

Кт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері;

Үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1140 61	Әділ ұны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар;

б) мәміле күні валюталандырылған күннен (сатып алынатын актив үшін ақшаны нақты аудару күні) өзгеше болса валюталандырылған күні әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған үлестік бағалы қағаздардың толық құнына:

Дт	3540	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелері
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақша қаражаты (зейнетақы активтері).

18. Акционерлік қоғам акционерлерінің (акцияларын Қор сатып алған) жалпы жиналысында әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданғаннан кейін, тиесілі дивидендтер сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер.

19. Әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған үлестік бағалы қағаздардың әділ құны бойынша және құны шетел валютасымен көрсетілген әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар валюталарының айырбастау бағамы бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса, оң түзету сомасына және құны шетел валютасымен көрсетілген, әділ құн бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар бойынша бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер;

2) егер әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса, теріс түзету сомасына және құны шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын үлестік бағалы қағаздар бойынша бағамдық айырма сомасына:

Дт	7470 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
----	---------	---

Кт	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
